

МРНТИ 18.41.91

К. Сахарбаева¹

¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
(Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚ КҮЙШІЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (Құрманғазы атындағы ҚҰК мысалында)

Түйін

Бұл мақалада сан ғасырлар қойнауынан саф алтындай дәстүрлі «Күйма-құлақ» әдісімен ауызша сақталған қазақ күйлерінің дамуы үдерісіндегі маңызды аспектілер қарастырылған. Олар күйлердің аңыз-әңгімелері және орындаушылық өнердегі дарынды күйшілердің деректері бойынша кезеңдеуге көмектесті. Осындай орындаушылық өнер арқылы жеткен деректер бойынша консерваторияда күйшілік мектептердің қалыптасуы, ғылыми ортаға енуі, оған еңбек сіңірген мамандар ізденісі сөз болады. А.Жұбанов ұстанымы мен жүйесі ізінде қалыптасқан қазіргі замандағы күйшілік мектептерінің саны мамандардың пайымдауынша он бір. Олар: 1) Батыс күйшілік мектебі – Құрманғазы, Дәулеткерей, Маңғыстау, Қазанғап, Дина өзара жеке бесеу; 2) Арқа күйшілік мектебі – Тәттімбеттен бастау алады; 3) Қаратау күйшілік мектебі – Сүгірден жалғасқан мұра; 4) Жетісу күйшілік мектебі – Байсеркеден; 5) Алтай – Тарбағатай-Бисембі; 6) Сыр бойы – Әлшекей, Мырза; 7) Қазіргі заман күйшілік мектебі. Ұжымның музыкалық білім бағдарламасын дамытуы, репертуар жасақтауы, домбыра аспабын және өнерін ғылыми-зерттеушілік, оқу-әдістемелік арнаға кіріктіруі, күй өнерін насихаттауы, орындаушылық өнерді кемел үрдіске жеткізуі, домбыра өнері кәсіби түрде іргесін қалаған уақыттан бергі, болашақ рухани мұра иегерлерін дайындаудағы тығыз бірліктегі еңбек нәтижелері де айтарлықтай.

Тірек сөздер: күй, домбыра, күйшілік өнері, күйшілік мектептері.

Қадым замандардан бір-бірінсіз алып қарауға болмайтын қасиеттер, құбылыстар, болмыстар қатарына ай мен күнді, жер мен аспанды, күнмен түнді жатқызсақ, сол сияқты ұлтпен өнерде, өнермен тарихта, ұлтпен болмыста осы сипатта тығыз байланысты құбылыстар. Қазақ халқының сан ғасырлар уақыт аясындағы тарихы, наным-сенім, тұрмыс-тіршілік бар болмысы музыкалық мәдениетіміздің күрделі тіні, бірақ ұлтымызға тәнік кең таралған домбырамен оның күйлерінде нақтырақ сипатталады.

«Қазақ нағыз, қазақ емес,

Нағыз қазақ-домбыра» [1, 101], – деп Қадыр ақын жырлағандай ұлтымыз үшін домбырамен тел ұғым – күй. Күй десе елең етпейтін, қандайын тыңдасада қаны қызбайтын қазақ жоқ, мұнайса да, қуанса да қай қиырға салса да онымен-әрқашан бірге болған. Күйде ұлттық рух бар. Күй қазақтың өмір қазығы – ұлықты ұраны!

Домбыра күйлерінің халық түсінігіндегі функцияларын айтқанда:

- күй – көнеден жеткен сарын;
- күй – киелі күйші тілі;
- күй – ел, халық тарихы;
- күй – аспап шанағына хатталған заман шежіресі;
- күй – заман туғызған оқиғалар жиынтығы;
- күй – оқиғалар мен оның тұлғаларының ескерткіші;
- күй – кезеңді қоғамдағы адамзат танымы;
- күй – қоғамдағы әлеуметтік болмыс;
- күй – адамзат танымының айнасы;
- күй – адам баласының қоршаған ортамен қарым қатынасы;
- күй – халықтың салт-дәстүр, әдет – ғұрып көрмесі;
- күй – сөзсіз айтылатын қорғаныс қаруы;